

**Сайлау бағдарламасының құрылымы**  
**«Bolashaq» Қауымдастығы Кеңес мүшесінің кандидаты**  
**Тайыр Данияр Абдықасымұлы**

Мен, Тайыр Данияр, 1986 ж. 2 сәуірде Ленгір қаласында туылдым. КБТУ түлегімін, сонымен қатар "Болашақ" бағдарламасы бойынша магистратураны Шотландиядағы Р.Гордон университетін тәмамдадым. Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг, Ордабасы Корпорациясы, Green Bus секілді компанияларда әр-түрлі лауазымдарда қызмет атқарғанмын, сонымен қатар "Bolashaq Ontustik" КҚ директоры болдым. Кәзірде жеке кәсіпкермін. Бес баланың әкесімін.

Жиған тәжірибеменді қолдана отырып, «Bolashaq» Қауымдастығы Кеңес мүшесінің кандидатығына ұсынамын.

**1. Қауымдастық қызметінің негізгі бағыттарының көрінісі:**

Болашақ түлектерін белсенді өмірлік ұстанымы бар, экономиканың түрлі салаларында мол тәжірибесі бар және әлемнің түкпіртүкпіріндегі үздік университеттерде білім алған азаматтар мен азаматшалар деп танымын. Болашақтықтар арасында сәтті жобаларын бастап, жұмыс орындарын ашып, еліміздің дамуына үлес қосқан табысты кәсіпкерлер, мемлекет қызметкерлері, білім саласы, құрылысшылар, өндіріс жұмысшылары, инженерлер бар. Олар еліміздің барлық өңірлерінде жетерлік, бірақ та халық арасында Болашақтықтарға қатысты сұрақтар да көп. Ең бірінші сұрақ:

- Халықтың қаражатына оқып келген Болашақ түлектері қайда?
- Экономика дамуына қандай үлес қосып жатыр? Осы секілді сұрақтар көптеген адамдардың көкейінде тұр.

Осы кезекте менің ұсынатыным:

***1. Өңірлік Болашақ қауымдастықтары жұмысына жәрдем беру***

- Қаржылық (Орталықта жылдық бюджетті бекіту)
- Жоспардағы жобалардың сапасын бақылау, кеңес беру

***2. КҚ бар Өңірлерде "Эксперттік кеңес" құру***

Бұл кеңестің әрбір мүшесі шұғыл мәселелерді анықтап қана қоймай, идея басталғаннан бастап, қаражат жинауға және нақты жобаны аяқтауға дейінгі шешудің әр түрлі тәсілдерін таба алады.

***3. Қазақ тілі мәртебесін көтеру***

30 жыл тәуелсіз Қазақстанда қазақ тілі өте төмен деңгейде, оны ешкімге дәлелдеудің қажеті жоқ. Біріншіден орыс тілді мектептерде Қазақ тілінің сапасын көтеру.

**4. Жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдауда бағыт бағдар беру.**

Болашақ түлектері әр түрлі мектептерден шықты, өз мектебіне жәрдем беру олардың іштей борышы. Сол сияқты түлектерге өз мектебіңе мамандық таңдауда, өмірлік кеңес беруде куратор ретінде бекітуге болады.

**2. Қауымдастықты одан әрі дамыту бойынша нақты ұсыныстар (ұсыныстарды іске асырудағы жеке қатысуын көрсете отырып)**

Қауымдастық жұмыстары Астана мен Алматы қалаларында жақсы көрініп келеді, оның себебі түлектердің көптігінде әрі қаржылық жағдайдың болуында.

Менің ұсынысым өңірлердегі Қауымдасықтар мәртебесін көтеруге ат салысу. Сол кезде Болашақтықтар имиджін басқа өңірлерде де көтереміз.

**3. Кандидаттың Кеңес құрамына кіруінен қауымдастық үшін күтілетін оң нәтиже;**

Өңірлердегі Қауымдастықтарды көтеру, Болашақ түлектерінің потенциалдарының қолдануын кеңейту. Эксперттік кеңес мүшелерін көбейту, олардың маңызын өңірлерде қолдану. Қазақ тілін орыс тілді мектеп, университеттерде берілуіне маңыз бөлу, әлеуметтік желілерде белсенділік таныту. Мектептердегі жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдаудағы Болашақ түлектерінің үлесін көбейту.

**4. Қауымдастық қызметінің жетекшілік ететін әлеуетті бағыттары.**

Жоғарыдағы ұсынған 4 бағытта:

1. Өңірлік Болашақ қауымдастықтары жұмысына жәрдем беру
2. КҚ бар Өңірлерде "Эксперттік кеңес" құру
3. Қазақ тілі мәртебесін көтеру
4. Жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдауда бағыт бағдар беру.

өзімінің нақты ұсынған бағыттарда ат салысамын.